

**Халықтың нысаналы тобына жататын тұлғалардың 2011 жылға арналған қосымша тізбесін белгілеу туралы**

*Күшін жойған*

Қостанай облысы Арқалық қаласы әкімдігінің 2011 жылғы 29 наурыздағы № 121 қаулысы. Қостанай облысы Арқалық қаласының Әділет басқармасында 2011 жылғы 12 сәуірде № 9-3-145 тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы Арқалық қаласы әкімдігінің 2011 жылғы 8 желтоқсандағы № 557 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы Арқалық қаласы әкімдігінің 2011.12.08 № 557 қаулысымен.**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 149 "Халықты жұмыспен қамту туралы" Заңының 5-бабына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31-бабына сәйкес Арқалық қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Халықтың нысаналы тобына жататын тұлғалардың 2011 жылға арналған қосымша тізбесі белгіленсін:

техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі түлектер;  
үш және одан да артық ай жұмыс істемеген жұмыссыз тұлғалар;  
бұрын жұмыс істемеген жұмыссыздар ( еңбек өтілі жоқ);  
қырық бес жастан асқан жұмыссыздар;  
уақытша және маусымдық жұмыстардың мерзімдері аяқталуына байланысты жұмыстан босатылған жұмыссыздар;  
жиырма бір жастан жиырма тоғыз жасқа дейінгі жастар;  
уәкілетті органның жолдамасымен кәсіби даярлықты және (немесе) қайта даярлықты, біліктілігін арттыруды аяқтаған жұмыссыздар.

2. Қаулының орындалуын бақылау қала әкімінің орынбасары Н. Ш а л д ы б а е в қ а жү к т е л с і н .

3. Осы қаулы алғаш ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қала әкімі*

*Т. Төлеубаев*